ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылдын 13 желтоқсан № 5501-24-00-2/3883 Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрағалық етуші судья Е.Т. Магзумов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Павлодар ауданының поликлиникасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Tomiris» жеке кәсіпкернің атынан Жадра Оразбековна Кажмуратова

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Тараптардың қатысуынсыз

ҚАРАР БӨЛІГІ:

ҚР АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып сот,

ШЕШТІ:

Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Павлодар ауданының поликлиникасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны «Tomiris» жеке кәсіпкернің атынан Жадра Оразбековна Кажмуратоваға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою - қанағаттандырылсын.

«Tomiris» жеке кәсіпкернің атынан Жадра Оразбековна Кажмуратова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Tomiris» жеке кәсіпкернің атынан Жадра Оразбековна

Кажмуратовадан мемлекеттің пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге көлеміндегі мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге түпкілікті формада шығарылған күнінен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар оларға шешімнің көшірмелерін жіберген күннен бастап бір ай ішінде Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық наразылық білдіре алады.

Судья **Е. Магзумов**

Копия верна
Судья Е. Магзумов

Справка: решение вступило в законную силу «24» января 2025 года.
Судья Е. Магзумов

Құжатқа қол қойылған: Магзумов Е. Т., 13.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 24.01.2025, судья Магзумов Е. Т., 24.01.2025